

«Болашақ» Бестамақ балалар бақшасы

**«Адал азамат» тәрбие бағдарламасы аясында
әкелер мектебінің жоспарына сай ұйымдастырылған
«Әке-отбасының тірегі» атты дөңгелек үстел**



**Ұйымдастырушылар: Наурзалиева А.А.
Бурханова Р.Х.**

Қазан 2025 жыл

Армысыздар қадірлі әкелер! Бүгін біз барлық өміріміздің тірегі Әке туралы сыр шертуге жиналдык. «Әке –отбасы тірегі»атты сұхбатымызға қош келдіңіздер!

Әке –отбасының дінгегі,баланың тірегі,ананың сүйеніші! Әкенің мейірімі мен даналығы-ұрпақтың өмір жолындағы шамшырағы.

Әр отбасындағы әкенің рөлі ерекше. Әке — отбасының асыраушысы, отбасы мүшесінің тірегі, камкоршысы. Әкенің мінез - құлқы, өзгелермен қарым - қатынасы, онері мен білімі баланың көз алдындағы үлгі өнеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. "Әке — асқар тау", "Әке — бәйтерек" деген макалдар әкенің беделін көрсетеді. "Әке балаға сыншы" дейді халқымыз. Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен ақылдасады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуында, қоғамдағы өз орнын дұрыс таба білуінде әкенің атқаратын еңбегі ерекше. "Бір бала бар әкеге жете туар, бір бала бар атадан өте туар, бір бала бар атадан кері туар" деген халқымызда дана сөз бар.



Танысу тренингі

«Менің атым.....,менін баламтобында»



Видео ролик

-өздеріңіз тамашалаған видеоға карап кандай пікірге келдіңіздер?



«Отбасылық құндылық ағашы»

Нұсқау: Үлкен ағаштың суреті беріледі. Бұл сіздің отбасылық құндылық ағашыңыз. Бірнеше берілген отбасылық құндылықтарды ағаштың тамырына, діңіне, бұтақтарына орналастыру. Тамыры сіздің ең негізгі отбасылық құндылық болып есептеледі, ағаштың діңіне орташа құндылықтарды, ал, бұтақтарына отбасыңызға маңызды бірақ, қатты қолданбайтын, көп көңіл аудармайтын құндылықтарды орналастыру керек. Берілген уақыт 5 минут.

1. Мықты денсаулық
3. Ауызбіршілік
4. Ортақ қызығушылық
6. Қамқорлық
7. Тәртіп
8. Бос уақытыңызды бірге өткізу
9. Сенімділік
11. Ата – ана отбасының үлгісі
14. Махаббат
15. Мейірімділік
16. Шынайылық
19. Үлкенге – ізет, кішіге – құрмет

Соңында үлкен бәйтерек ағашы шығу керек.

Шыққан жапырақ қорғап шығамыз



Құрметті әкелер, Сіздің назарыңызға әр баланың күнделікті тұрмыс – тіршілігінде кездесуі мүмкін 10 жағдай берілген. Ата – ана ретінде сіздің бұл жағдайларға көзқарасыңыз қандай? Яғни, әрбір сұрақтан кейін сіздің тәрбиелеу әдістеріңізге сәйкес жауап нұсқаларын белгілеңіз. Іске сәт!

1. Сіздің балаңыз өте бұзық және төбелесқұмар делік. Күн сайын үйге киімі жыртылып, немесе бет – аузы көгеріп келеді. Сіз:

- а) не болғанын сұрап, киімдерін тігіп, жуып, жараларының күтімін жасайсыз;
- ә) балаңызға көмек бересіз, бірақ бұзақылықтарының жақсылық әкелмейтіндігі, бір күні соның азабын көретіндігі туралы қайта - қайта айтып, балаға ұрсасыз;
- б) оған тіпті қарамайсыз, өзінің мәселелерін өзі шешуі керек.

2. Балаңыздың жақын достары бар, бірақ олар жақсы тәрбие көрмеген, бұзық балалар. Сіз:

- а) олардың ата – аналарымен сөйлессіз;
- ә) балаларды үйге шақырып, оларды ықпал етуге шақырасыз;
- б) балаңызға достарының жаман жақтарын түсіндіріп, өзіне жаман үлгі болғандығын айтасыз.

3. Балаңыз ойын ойнағанды жақсы көреді, бірақ ешқашан ұтылғысы келмейді. Сіз:

- а) еш нәрсе жасамайсыз, ойнауды білетін болса жеңілуді де білуі тиіс деп ойлайсыз;
- ә) жеңілуді үйренгенше онымен ойнамайтыныңызды айтасыз;
- б) балаңызды жеңілуді ұнатуы үшін әдейі ерекше жағдайлар жасайсыз.

4. Балаңыздың белсенділігі соншама, күніне 24 сағат ойнап жүгіріп жүре береді. Ұйықтауы керек болса да жатқысы келмейді. Сіз:

- а) оған ұйқының маңыздылығын түсіндіресіз;
- ә) қалаған уақытта жатуына рұқсат бересіз, бірақ таңертең белгіленген уақытта тұруын тексеріп тұрасыз;
- б) ұйықтайтын уақыт келгенде баланы жатуға зорлап, мұны ереже қылуға тырысасыз

Шаңырақ жаттығуы. (Ата-аналар тренинг сонында бір-біріне, жалпы мектепке, әр отбасына жақсы тілектерін, жылы лебіздерін білдіреді)

Қазақтың өмірінде шаңырақтың маңызы зор. Ол атадан балаға мұраға қалдырылып отырған. Шаңырақ арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ата-бабалар рухы жалғасады.

Шаңырақтың иесі де ұл бала болып есептеледі. Ендігі жаттығуымыздың да аты «Шаңырақ» деп аталады. Яғни жаттығу арқылы жылы тілектеріңізді білдіріп, шаңырақты биікке көтерейік.



Қорытынды: Ата-анаға қуаныш көз қуаныш

Алдына алған еркесі

Көңіліне көп жұбаныш,

Гүлденіп ой-өлкесі деп Абай атамыз айтқандай ата-ананың қуанышы, гүлденген үміт арманы тек перзент сүю, оны тәрбиелеу екендігін айтқысы келген екен. Ендеше, әкелер қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер олардың ең басты үлгі болар бейнесі екенімізді ұмытпайық!

